

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
2020 ж. « 28 » 07 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 100740026046
№ 6000-1401-1000 АҚ

«ForteFinance» акционерлік қоғамының
жалғыз акционерінің шешімімен
бекітілді
(22 маусым 2020 ж. № 20 (з) хаттама)

«ForteFinance» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

2020 жыл

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дайындалды және бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын «ForteFinance» акционерлік қоғамының құқықтық статусын белгілейді.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қоғам атауы

1. Қоғамның толық және қысқартылған атауы:

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Қазақ тілінде:	«ForteFinance» акционерлік қоғамы	«ForteFinance» АҚ

Орыс тілінде:	Акционерное общество «ForteFinance»	АО «ForteFinance»
---------------	--	-------------------

Ағылшын тілінде:	«ForteFinance» Joint-stock company	«ForteFinance» JSC
------------------	---------------------------------------	--------------------

2-бап. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері

2. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T2Y2, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 46, 201 каб.

3-бап. Қоғамның құқықтық статусы

3. Қоғам заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады. Қоғамның меншік түрі – жеке.

4. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акция шығаратын коммерциялық ұйым болып табылады, сонымен қатар акционерлердің мүддесі үшін табыс алу мақсатында өз қызметін жүзеге

асырады. Жеке балансы, банктік шоттары бар, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды өз атынан сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттеме көтере алады, сотта арызданушы және жауап беруші бола алады.

5. Қоғам Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілерінде қарастырылған нормаларға сәйкес құрылды және тіркелді.

4-бап. Қоғамның дараландыру құралдары және деректемелері

6. Қоғамның мөрі, мөртаңбалары, бланкілері, эмблемалары және өз қызметін жүзеге асыру барысында оны даралау үшін қажетті басқа да реквизиттері бар.

7. Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсы Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның өзі және қызметі туралы (сонымен қатар корпоративтік оқиғалар туралы) ақпаратты ашуына арналған.

Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсы адресі - finance.forte.kz (бұдан әрі Жарғы мәтіні бойынша – Қоғамның WEB-сайты).

8. Қоғамның деректемелері Қоғамның мемлекеттік, орыс және ағылшын тілі болып табылатын бір немесе бірнеше жұмыс тілінде ресімделеді.

2-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

5-бап. Қоғам қызметінің мақсаты және түрі

1. Қоғам қызметінің мақсаты заңды қызметін жүзеге асыру нәтижесінде акционерлердің мүддесі үшін табыс алу.
2. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:
 - 1) брокерлік қызмет;
 - 2) дилерлік қызмет;
 - 3) ерікті жарна тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару бойынша қызмет;
 - 4) бағалы қағаздарды номиналды ұстау;
 - 5) қаржылық кеңес беру және андеррайтинг;
 - 6) маркет-мейкерлік қызмет;
 - 7) облигациялар ұстаушы өкілі қызметі;

- 8) кеңес беру қызметі;
- 9) аналитикалық қызмет;
- 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында рұқсат етілген басқа қызмет түрлері.

3. Қоғамның лицензияланатын қызмет түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тиісті лицензиялар алынған соң жүзеге асырылады. Қоғамның лицензия алу қажет қызметі саласындағы құқықтық қабілеті бұндай лицензияны алған сәттен бастап туындайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.

3-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ, ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ, АКЦИЯЛАРЫ

6-бап. Қоғамның мүлкі

1. Мүлік Қоғамға жеке меншік құқығында тиесілі.
2. Қоғам мүлкін қалыптастыратын көздер:
 - 1) оның акциясына төлем ретінде енгізілген ақша;
 - 2) Қоғамның қызметінен түскен табыс;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған басқа көздер.

7-бап. Қоғамның жарғылық капиталы

3. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияға оның номиналды құны бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес анықталған орналастыру құны бойынша төлемі арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында белгіленеді. Қоғамның орналастырылатын акциясының төлеміне Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақша ғана енгізіледі.
4. Қоғамның жарғылық капиталын көбейту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

8-бап. Қоғамның акциялары

5. Қоғам жай акцияларды, артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Қоғамның жарияланған акцияларының түрлері және акция түрлері бойынша

саны оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен (шешімдерімен) белгіленеді және Қоғамның акциялар шығару проспектісінде тіркеледі.

6. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығында бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер болып танылады және өздерінің ортақ өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықты пайдаланады. Акцияның бір түрі оған ие әр акционерге бұндай акцияның басқа иелерімен бірдей құқық береді, егер Заңда басқасы белгіленбесе.

7. Қоғам басқа бағалы қағаздарды, соның ішінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес айырбасталымды бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

8. Жай акция Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте акционерге дауыс беруге шығарылған барлық мәселені шешуде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу, Қоғамның таза табысы болған жағдайда дивидендтер алу, сонымен қатар Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

9. Акционерлер – артықшылықты акциялардың иелері акционерлер – жай акциялардың иелері алдында осы Жарғыда белгіленген алдын ала анықталған кепілдікті мөлшерде дивидендтер алуда және Заңда белгіленген тәртіпте Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуда артықшылықты құқыққа ие.

Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді, төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда.

Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді, егер:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында шешімі артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселе қарастырылса. Бұндай мәселе бойынша шешім шектеу үшін орналастырылған артықшылықты акциялардың жалпы мөлшерінің (сатып алынғандарды есептемегенде) кем дегенде үштен екісі дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып есептеледі.

Олар бойынша шешім артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге келесілер жатады:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерінің азаюы немесе есептеу тәртібінің өзгеруі;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібінің өзгеруі;

Қоғамның артықшылықты акцияларын жай акцияларға ауыстыру;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында Заңға сәйкес Қоғам артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың бағасын анықтау әдістемесіне өзгерістер енгізуді бекіту (әдістемені бекіту, егер ол құрылтай жиналысында бекітілмеген болса) туралы мәселе қарастырылса;

3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында Қоғамды қайта құру немесе тарату туралы мәселе қарастырылса;

4) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай бойы толық көлемде төленбеген болса, Заңда қарастырылған негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда.

Орналастыру кезеңінде Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының 25 (жиырма бес) процентінен аспауы тиіс.

10. Қоғамға «алтын акция» шығаруға тыйым салынған.

11. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және Қоғам акцияларын орналастыру қорытындысы туралы есепті беру, сонымен қатар Қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын Қоғамның басқа түрдегі акцияларына ауыстыру туралы есеп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіпте жүзеге асырылады.

12. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орталық депозитарий жүзеге асырады.

13. Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу және Қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын Қоғамның басқа түрдегі акцияларына ауыстыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат етіледі және жүзеге асырылады.

14. Қоғамның акцияларына қатысты басқа мәселелер осы Жарғының басқа баптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

9-бап. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер

15. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер оның акционерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес төленеді.

16. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу кезеңділігі осы Жарғыда және (немесе) акциялар шығару проспектісінде белгіленеді.

17. Акционер қоғамның берешегінің туындау мерзіміне байланыссыз төленбеген дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы, дивиденд Заңда қарастырылған негіздер бойынша есептелмеген жағдайларды қоспағанда.

18. Тоқсан, жарты жыл немесе жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу сәйкес кезеңдегі Қоғамның қаржылық есебіне аудит жүргізілген соң және акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткен жылдардың үлестірілмеген табысы есебінен дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысының жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешімінде Қоғамның бір жай акциясына төленетін дивиденд мөлшері көрсетіледі.

Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қабылданады.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен кешіктірмей дивиденд төленуі керек.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу дивиденд алу құқығы бар және олар бойынша Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінде актуалды деректемелер бар акционерлерге артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін жүргізілмейді.

19. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеуі Қоғам органының шешімін талап етпейді. Артықшылықты акциялары бойынша төленетін дивиденд мөлшері сол кезең үшін жай акциялары бойынша төленетін дивиденд мөлшерінен аз болмауы тиіс.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу дивиденд алу құқығы бар акционерлер тізімі жасалған күннен бастап 90 (тоқсан) күннен кешіктірмей жүзеге асырылуы тиіс.

Қоғамның бір артықшылықты акциясына төленетін дивидендтің кепілдендірілген мөлшері 100 (жүз) теңге.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер қаржылық жыл аяқталған соң Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде төленеді.

20. Қоғамға төлем жасау үшін қажетті деректемелерді бермеген жағдайда, сонымен қатар дұрыс емес немесе белсенді емес төлем деректемелерін

берген жағдайда Қоғам өз акциялары бойынша дивидендті уақытында немесе тиісті түрде төлемегені үшін жауапкершілік көтермейді.

21. Қоғам акциялары бойынша дивидендке қатысты басқа мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

4-бөлім. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10-бап. Акционерлердің құқықтары мен міндеттері

1. Акционерлер құқылы:

- 1) Заңда және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
- 4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алуға;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлану үшін кандидатура ұсынуға;
- 6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныстармен жүгінуге және сұраныс Қоғамға түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде уәжді жауап алуға;
- 8) Қоғам таратылған жағдайда мүлкінің бір бөлігін алуға;
- 9) Заңда белгіленген тәртіпте Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына ауыстырылатын басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға, заңнамалық актілерде қарастырылған жағдайларды қоспағанда;
- 10) акционерлердің жалпы жиналысында Заңда қарастырылған тәртіпте Қоғам акцияларының санын немесе түрін өзгерту туралы шешім қабылдауға қатысуға.
- 11) өзі немесе басқа акционерлермен бірге қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан артық процентіне ие болған жағдайда Заңда қарастырылған жағдайларда қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген шығындарын өтеу және қоғамның

лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәміле және (немесе) мүдделі мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау (бекітуге ұсыныс жасау) нәтижесінде алған табысты (кірісті) Қоғамға қайтару туралы талабымен өз атынан сот органдарына жүгінуге.

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа рұқсат етілген әрекеттерді жүзеге асыруға.

2. Акционерлер – артықшылық акциялардың иелері акционерлер – жай акциялардың иелерінің алдында осы Жарғыда белгіленген алдын ала белгіленген кепілдікті мөлшерде дивиденд алуда және Заңда белгіленген тәртіпте Қоғам таратылған жағдайда мүлкінің бір бөлігін алуда артықшылықты құқыққа.

Артықшылық акциялардың иелері болып табылатын Қоғам акционерлері көзбе көз тәртіпте өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына және қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

3. Ірі акционер құқылы:

1) Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуды талап етуге немесе оны шақырту туралы талап арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап етуге;

3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге.

4. Қоғам акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның орталық депозитарийіне және (немесе) бұл акционерге тиесілі акцияның номиналды ұстаушысына Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының заңына және басқа заңнамалық актілеріне сәйкес басқа міндеттерді орындауға.

5. Қоғам және орталық депозитарий және (немесе) акцияның номиналды ұстаушысы акционердің осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

6. Осы баптың 1 және 5 тармағында белгіленген акционерлердің құқығын шектеуге жол берілмейді.

5-бөлім. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ

11-бап. Қоғам органдары

Қоғам органдары:

- 1) жоғарғы орган – Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы;
- 2) басқарушы орган – Қоғамның Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Қоғам басқармасы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа органдар.

12-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Қоғамның жоғарғы органы акционерлерінің жалпы жиналысы болып табылады. Акционерлерінің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлерінің басқа жалпы жиналысы кезектен тыс болып табылады.
2. Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында:
 - 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі;
 - 2) Қоғамның өткен қаржылық жылындағы таза табысын үйлестіру тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына төленетін дивиденд мөлшері анықталады;
 - 3) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне өтініш жасауы туралы мәселе және оларды қарастыру нәтижесі қарастырылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы қоғам акционерлеріне Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Қоғамның атқарушы органына берілетін сыйақы мөлшері және құрамы туралы хабарлайды.

Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешім қабылдау акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарастыруға құқылы.

3. Дауыс беретін акциялардың барлығы бір акционерге тиесілі қоғамда акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңмен және (немесе) осы Жарғымен акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді бұндай акционер өзі қабылдайды және бұл

шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарды шектемейтін жағдайда жазбаша ресімделеді.

Егер осы тармақтың бірінші абзацында қарастырылған жағдайларда жалғыз акционер немесе Қоғамның дауыс беретін акцияларына ие тұлға заңды тұлға болса, онда Заңмен және (немесе) осы Жарғымен акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және заңды тұлғаның жарғысына сәйкес бұндай шешім қабылдау құқығы бар орган, лауазымды тұлғалар немесе заңды тұлғаның қызметкерлері қабылдайды.

4. Акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Қоғамның өз еркімен қайта құрылуы немесе таратылуы;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талабы мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына ауыстырылатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акцияның басқа түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, бұндай ауыстырудың талаптарын, мерзімін және тәртібін белгілеу;
- 8) Есеп комиссиясының құрамының санын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің құрамының санын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығын өтемақысының мөлшерін және төлем талаптарын белгілеу;
- 10) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) жылдық қаржылық есепті бекіту;

- 12) есептік қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына төленетін дивиденд мөлшерін белгілеу;
 - 13) Қоғамның жай акциялар бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 14) Қоғамның акцияларын өз еркімен делистинг жасау туралы шешім қабылдау;
 - 15) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы немесе сомасы Қоғамға тиесілі барлық активтің жиырма бес және одан артық процентін құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
 - 16) Қоғамның акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысына шақыру туралы хабарлау нысанын анықтау;
 - 17) Заңға сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған жағдайда акция бағасын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту (егер әдістеме құрылтай жиналысында бекітілмеген болса, әдістемені бекіту);
 - 18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 19) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін белгілеу;
 - 20) нәтижесінде Қоғам мәміле туралы шешім қабылданған күні бағасы Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан артық процентін құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иесіздендіретін (сатып алынуы немесе иесіздендірілуі мүмкін), оның нәтижесінде оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан артық проценті сатып алынатын немесе иесіздендірілетін (сатып алынуы немесе иесіздендірілуі мүмкін) Қоғамның ірі мәміле бекітуі туралы шешім қабылдау;
 - 21) Қоғамның оны жасауға мүдделі ірі мәміле бекітуі туралы шешім қабылдау;
 - 22) олар бойынша шешім қабылдау заңмен және (немесе) осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ғана құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер.
5. Осы баптың 4-тармағының 2), 3,) 4) және 17) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының басқа мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының дауыс көпшілігімен қабылданады, егер заңда басқасы белгіленбесе.

6. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.
7. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес шақыртылады, дайындалады және өткізіледі, бұл ретте:
 - 1) Қоғам акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы осы Жарғының 18-бабында қарастырылған тәртіпте хабарланады;
 - 2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен басқасы белгіленбеген болса, оның отырысына шақырусыз басқа тұлғалар қатыса алады, Қоғам акционерлерінен (Қоғам акционерлерінің өкілдерінен), Қоғам Басқармасының мүшелерінен, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізуді ұйымдастыруға және оның күн тәртібі мәселелері бойынша түсініктеме беруге қажетті Қоғам қызметкерлерінен, уәкілетті орган өкілдерінен басқа;
 - 3) Қоғам акционерлеріне Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы туралы осы Жарғының 18-бабында қарастырылған тәртіпте хабарланады.

13-бап. Қоғамның директорлар кеңесі

8. Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады, бұған Заңмен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер қосылмайды.
9. Егер өзгесі Заңда белгіленбесе, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларды Қоғам қызметінің басты бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау немесе Қоғамның даму жоспарын бекіту;
 - 2) жылдық және кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 3) заңнамада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, акцияларды орналастыру (іске асыру) туралы, сонымен қатар жарияланған акциялар саны шегіндегі, орналастырылатын (іске асырылатын)

- акциялардың саны, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды және сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;
 - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
 - 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;
 - 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдерді қабылдау;
 - 9) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, Басқарма Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 10) Басқарма Төрағасының және мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру талаптарын белгілеу;
 - 11) Басқарманың сандық құрамын, ішкі аудит қызметі өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы мөлшерін еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру талаптарын белгілеу;
 - 12) корпоративтік хатшының өкілеттіктерін тағайындау, мерзімін белгілеу, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның корпоративтік хатшысының, Қоғамның корпоративтік хатшысы жұмыста болмаған жағдайда, оның орнын ауыстыруға құқылы тұлғалардың жұмыс тәртібін, корпоративтік хатшының және оның орнын ауыстыратын тұлғалардың лауазымдық жалақыларының мөлшерін және сыйақы талаптарын белгілеу (сонымен қатар Қоғамның Корпоративтік хатшысы туралы ережені бекіту және осы ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу);
 - 13) аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік үшін қызмет ақысының мөлшерін белгілеу, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызмет ақысының мөлшерін белгілеу;
 - 14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Басқарма Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), сонымен қатар Қоғамның бағалы қағаздарын

- орналастыру және аукцион өткізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 16) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан артық процентін (жарғылық капиталында қатысу үлестерін) сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;
 - 17) акцияларының он және одан артық проценті (жарғылық капиталында қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау;
 - 18) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан артық процентін құрайтын шамаға ұлғайту;
 - 19) Қоғам немесе оның қызметі туралы, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
 - 20) бекітілуі туралы шешім Заңға сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуында Қоғам мүдделілік танытатын мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
 - 21) Директорлар Кеңесінің Төрағасын және Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның орнын ауыстыруға құқылы тұлғаларды сайлау;
 - 22) Директорлар кеңесінің регламентін бекіту және осы регламентке өзгерістер мен толықтыруларды енгізу;
 - 23) акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, осы Жарғыда қарастырылған өзге мәселелер.
10. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің жасалуын бақылайды және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
 11. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер шешім шығаруы үшін Басқармаға берілуі мүмкін емес.
 12. Директорлар кеңесі мыналарды орындауы тиіс:
 - 1) лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде ықтимал мүдделер қайшылығын қадағалау және мүмкіндігінше жою, сонымен қатар Қоғамның меншігін заңсыз пайдалану және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезіндегі теріс пайдаланушылық;

- 2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру.
13. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардан сайланады:
- 1) акционерлер-жеке тұлғалардан;
 - 2) акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардан;
 - 3) қоғамның акционері емес және акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалардан.
14. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау акционерлердің дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қолданумен кумулятивті дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады, бұған Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдай қосылмайды. Кумулятивті дауыс беру бюллетені мынадай бағандардан құралуы тиіс:
- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар тізбесі;
 - 2) акционерге тиесілі дауыстар саны;
 - 3) акционердің Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар үшін берген дауыс саны.
- Кумулятивті дауыс беру бюллетеніне «қарсы» және «қалыс қалды» деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.
- Акционер толығымен оған тиесілі акциялары бойынша Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін дауыс беруге немесе оларды бірнеше кандидаттар арасында бөлуге құқылы. Ең көп дауыс жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан да көп кандидаттар бірдей дауыс жинаса, акционерлерге кумулятивті дауыс беру бюллетеньдерін ұсыну арқылы, бірдей дауыс жинаған кандидаттарды көрсете отырып, бұл кандидаттарға қатысты қосымша кумулятивті дауыс беру жүргізіледі.
15. Басқарма мүшелерінің, оның Төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін емес. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланбайды.
 16. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бірінен кем емес бөлігін құрауы тиіс.
 17. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

18. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз мәрте қайта сайлануы мүмкін, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаса.
19. Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді. Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланатын акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезіне аяқталады.
20. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері акционерлердің жалпы жиналысында оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.
21. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе.
22. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мерзімінің аяқталуымен қатар аяқталады.
23. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері қатарынан, Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көп бөлігінің дауыс беруімен, ашық дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.
24. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді, сондай-ақ Қоғамның Жарғысында белгіленген өзге қызметтерді атқарады.
25. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
26. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша келесілердің талап етуімен шақырылуы мүмкін:
 - 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;

- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру, отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды дайындау және ұсыну және отырысты өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

27. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауы тиіс. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворум үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді ғана қабылдауға құқылы.
28. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер Директорлар кеңесі мүшелерінің отырысында қатысушылардың көбінің дауыс беруімен қабылданады, егер өзгесі Заңда қарастырылмаса.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесінің Заңда және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібінде даулауға құқылы.

Акционер Директорлар кеңесінің Заңда және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімін сотта даулауға құқылы, егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) бұл акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса.
29. Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық еткен тұлғаның дауысы шешуші болады. Көрсетілген құқық Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне берілмейді.
30. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатысатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
31. Директорлар кеңесінің отырысы Қоғамның заңды мекенжайы бойынша да, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы не одан тыс жердегі кез келген басқа орында өтуі мүмкін.
32. Директорлар кеңесінің отырысы бейнеконференция арқылы өтуі мүмкін, онда Директорлар кеңесінің барлық мүшесі отырыс процесінде бірін-бірі көру және есту мүмкіндігіне ие болады.

33. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болғанда қабылданған болып есептеледі.

Сырттай дауыс беру жүргізу кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер Директорлар кеңесінің мүшелеріне таратылады. Директорлар кеңесінде дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Директорлар кеңесінің жеке мүшелеріне таңдамалы түрде жолдауға болмайды.

Сырттай дауыс беруге арналған Бюллетень мыналардан құралуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні;
- 3) Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күні;
- 4) күн тәртібі;
- 5) мәселелерді тұжырымдау, олар бойынша дауыс беру жүргізіледі;
- 6) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс берудің «қолдаймын», «қарсымын» сөздерімен көрсетілген нұсқалары;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньдерді толтыру) тәртібінің түсініктемесі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қояды.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған Директорлар кеңесінің хатшысы және Төрағасы қол қою керек.

34. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, оны отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде отырыста төрағалық еткен тұлға және Директорлар кеңесінің хатшысы жасап, қол қоюлары керек және ол мыналардан құралуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша Директорлар кеңесі отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.
35. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсыныстарды дайындау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Директорлар кеңесі мамандандырылған консультативтік-кеңестік органдарды - Директорлар кеңесінің комитеттерін құрады.
- Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сүйене отырып бекітетін комитеттер туралы ережелерде белгіленеді.
36. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің қарауында сол немесе өзге мәселелерді зерделеу үшін өзінің тұрақты және уақытша комиссияларын (жұмыс топтарын) құруға құқылы. Директорлар кеңесі комиссияларының (жұмыс топтарының) жұмыс тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.
37. Директорлар кеңесі Қоғамның акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына өткен қаржы жылы үшін Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есепті ұсынуға міндетті.

14-бап. Қоғам Басқармасының Төрағасы және мүшелері

38. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады және оның жұмысының тиімділігі үшін жауапкершілік көтереді. Қоғам Басқармасының сандық құрамын Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді.
39. Қоғамның акционерлері мен оның акционерлері емес қызметкерлері Басқарманың мүшелері болуы мүмкін. Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің келісін алғанда ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Басқарма Төрағасы атқарушы органның немесе жеке дара органның міндеттерін атқаратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның басшысының қызметін атқаруға құқығы жоқ.
40. Басқарманың қызметтері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Заңымен, өзге заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ көрсетілген тұлға мен Қоғам бекітетін бекітетін еңбек шартымен

белгіленеді. Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қояды немесе бұған акционерлердің жалпы жиналысында немесе Директорлар кеңесінде өкілеттік берілген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

41. Басқарма отырысына Қоғам Басқармасы мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем емес бөлігі қатысқан жағдайда, ол заңды болып есептеледі.
42. Басқарма қажеттілігіне қарай шақырылады, бірақ айына бір реттен сирек емес уақытта, Басқарманың кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады.
43. Басқарма отырысына шығарылған мәселелер бойынша шешімді отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің жалпы санының көбінің қарапайым дауыс беруімен қабылданады және Заң талаптарына сәйкес Басқарманың хаттамалары түрінде ресімделеді.
44. Басқарма отырысын жүргізуді Қоғам Басқармасының Төрағасы жүзеге асырады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
45. Басқарма қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер көзбе-көз немесе сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы және тиісінше Басқарманың көзбе-көз немесе сырттай отырысының хаттамасы түрінде ресімделуі мүмкін.
46. Басқарма отырыстарының хаттамаларын отырыс хатшысы жүргізеді. Басқарма мүшесі Басқарманың шешімімен келіспеген жағдайда, ерекше пікірін хаттамаға енгізуді талап етуге құқылы, ал хатшы енгізуге міндетті. Басқарма отырысының хаттамасы оған осы отырысқа қатысқан Басқарма Төрағасы, Басқарма мүшелері және отырыс хатшысы қол қойған жағдайда жарамды болып танылады.
47. Басқарма құзыретіне акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын, Қоғам қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселесі, сонымен қатар Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарды бекіту жатады, бұған бекітілуі Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жататын құжаттар қосылмайды.
48. Басқарма Төрағасын Қоғамның Директорлар кеңесі сайлайды және Қоғам қызметін жедел басқаруды жүзеге асырады.

Қоғам Басқармасының Төрағасы:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

- 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасауда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасауында оны таныстыру құқығын беретін сенімхатты береді;
- 4) өзі болмаған жағдайда, міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 5) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер салалары мен жауапкершілікті бөледі;
- 6) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, орындарын ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазаларды қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес жалақыға дербес үстемақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін белгілейді, бұған Басқарма құрамына кіретін және Қоғамның ішкі аудиті қызметінің қызметкерлері қосылмайды;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның мүлкіне иелік етеді;
- 8) Қоғамның Жарғысында және акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге қызметтерді жүзеге асырады.

15-бап. Ішкі аудит қызметі

49. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін, Қоғамның ішкі қағидалары мен рәсімдерінің орындалуын, ішкі және сыртқы аудиторлардың есептерінің, ықпал ету шараларының және уәкілетті органның өзге талаптарының орындалуын қадағалауды Ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.
50. Ішкі аудит қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына сайланбайды.
51. Ішкі аудит тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оған өз жұмысы туралы есеп береді.
52. Қызмет тәртібі, функционалдық міндеттер, құқықтар мен жауапкершілік Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережесімен белгіленеді.

6-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТ

16-бап. Қоғамның қаржылық есептілігі

1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін құру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен белгіленеді.
2. Басқарма жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін, аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметі туралы заңнамаға сәйкес жүргізілген, өткен жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысына қаржылық есептілікпен қатар аудиторлық есепті де ұсынады.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуден отыз күн бұрын Директорлар кеңесі алдын ала бекітуі тиіс.

3. Қоғам жыл сайын, уәкілетті орган бекіткен тәртіпте және мерзімде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті міндетті.
4. Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік танытылған мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілігінің түсініктеме жазбасында ашылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына және Заң талаптарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғамның активтері мөлшерінің 10 (он) және одан артық процент сомасына мүлік алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміленің мерзімдері және талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты және көлемі туралы мәліметтен құралуы тиіс.

17-бап. Қоғамдағы аудит

5. Қоғам өзінің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге міндетті. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша, Қоғамның есебінен немесе ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды өзі таңдауға құқылы. Аудит ірі акционердің талап етуі бойынша жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті. Егер Басқарма Қоғам аудитін жүргізуден бас тартса, онда аудит кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

7-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ,

ҚОҒАМНЫҢ ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ

18-бап. Қоғамның акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты ұсыну

1. Қоғам оның эмиссиялық бағалы қағаздарының айналысы кезеңінде, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңында және уәкілетті органның нормативті құқықтық актісінде белгіленген тәртіпте, мерзімде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында және қор биржасының интернет ресурсында ақпаратты ашуды жүзеге асыруға міндетті.

Көрсетілген ақпаратты Қоғам толықтырып, Қоғамның WEB-сайтында жариялай алады.

Корпоративтік оқиғаларға жататын ақпараттар тізбесі Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңында белгіленген.

2. Жарғының осы бабының 1-тармағында көрсетілген ақпараттан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылуы тиіс өзге ақпарат Қоғамның WEB-сайтында жарияланады немесе жазбаша хабарламаларды жіберу арқылы мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіледі.
3. Егер Заңда және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жариялаудың (акционерлердің назарына жеткізудің) өзге мерзімдері қарастырылмаса, онда Қоғам бұл ақпаратты ол пайда болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ашады.
4. Қоғам Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, оның қызметіне қатысты құжаттарын оның қызметінің толық мерзімі бойы сақтауы тиіс. Өзге құжаттар, сонымен қатар Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім бойы сақталады. Құжаттар Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша немесе өзге орында, сонымен қатар Қоғамның Басқармасында бекітілген жеке немесе мемлекеттік архивтерде сақталуы тиіс.
5. Қоғам акционердің талап етуі бойынша оған Заңда қарастырылған құжаттардың көшірмелерін осы Жарғыда белгіленген тәртіпте, Қоғамға мұндай талап түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиядан құралатын ақпаратты ұсыну бойынша шектеулерді ескере отырып ұсынуға міндетті.
6. Құжаттардың көшірмелерін ұсыну үшін төлем мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін жасау шығындарының

құнынан және құжаттарды акционерге жеткізумен байланысты шығындар төлемінен аспайды.

7. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Қоғамның WEB-сайтында жариялайды.

Бұдан басқа, Қоғамның көрсетілген жарияланымна қосымша ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Қоғамның барлық акционеріне Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлайды, егер Қоғам акционерлерінің саны 50 (елуден) аспаса, оларға Қоғамның бірегейленген жеке жазбаша хабарламаларын жолдау арқылы хабарланады.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының отырысындағы дауыс беру қорытындылары тікелей осы отырыс барысында айтылады. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындылары немесе Қоғам акционерлерінің сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлер назарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде, мұндай қорытындыларды Қоғамның WEB-сайтында жариялау арқылы жеткізіледі.

19-бап. Қоғам акционерлерінің және лауазымды тұлғаларының үлестес тұлғалар туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

8. Қоғам өзінің үлестес тұлғалары немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтері негізінде үлестес тұлғаларының есебін жүргізеді (ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты уәкілетті орган белгілеген тәртіпте).
9. Қоғамның акционерлері және лауазымды тұлғалары өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде ұсынады.
10. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті ұсынуға, одан кейін өзінің үлестес тұлғаларының құрамын толықтырған немесе қысқартқан немесе өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті өзгерткен күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде осындай толықтыру және/немесе қысқарту және/немесе өзгерту туралы Қоғамға хабарлауға міндетті.
11. Заңға сәйкес Қоғамның мәмілені жасауына мүдделілік танытатын тұлғалар Директорлар кеңесінің назарына келесі ақпаратты жазбаша және дереу түрде жеткізуге міндетті:
 - 1) олардың мәміле тарапы екендігі немесе оған өкілі немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;

2) олармен үлестес заңды тұлғалар туралы, сонымен қатар өздері немесе өздерінің үлестес тұлғаларымен бірге дауыс беретін акциялардың (үлестердің, үлеспұлдардың) 10 (он) және одан артық проценттеріне ие заңды тұлғалар туралы және органдарда лауазымды иеленген заңды тұлғалар туралы;

3) онда олар мүдделі тұлғалар болып танылатын оларға белгілі, жасалатын немесе болжалды мәмілелер туралы.

8-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР


20-бап. Қоғамның құқықтық мәртебесін өзгерту және қызметін тоқтату

1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, қайта құрылуы) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
2. Қоғамды қайт ұйымдастыру немесе тарату оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.
3. Қоғамды мәжбүрлеп қайт ұйымдастыру немесе тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.
4. Қоғамды тарату кезінде оның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үлестіріледі.

21-бап. Осы Жарғыны қолдану ерекшеліктері.

5. Реттелу тәртібі осы Жарғыда немесе Қоғамның басқа ішкі құжаттарында, Қоғам органдарының және лауазымды тұлғаларының шешімдерінде белгіленбеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс.
6. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте белгіленеді және тіркеледі.

«ForteFinance» АҚ
Басқармасының Төрағасы
Даутбаев Асыл Бахитович


Dautbaev Asyl Bakhitovich 26

УТВЕРЖДЕН

Решением единственного акционера
Акционерного общества «ForteFinance»
(протокол Совета директоров АО «ForteBank»
от 22 июня 2020 года №20 (з))

УСТАВ

Акционерного общества «ForteFinance»

г. Нур-Султан

2020 год

Настоящий Устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан и определяет правовой статус Акционерного общества «ForteFinance», именуемого в дальнейшем «Общество».

Раздел 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

Статья 1. Наименование Общества

